

ҚР Парламенті Мәжілісінде
«Дене шынықтыру және спорт туралы»
заң жобасын жаңа редакцияда таныстыру
рәсімінде Е.Т. Қожағапановтың сөйлейтін сөзі

Слайд №1 (басты бет)

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Құрметті депутаттар!

Қазіргі қолданып жүрген «Дене шынықтыру және спорт туралы» заң осыдан 15 жылдай бұрын дайындалған, әрине бүгінгі таңда осы саладағы қатынастарды жетілдіруді талап етеді.

Бірінші кезекте, заң жобасы елімізде бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты одан әр дамыту мақсатында әзірленді.

Слайд №2-3

Заң жобасын әзірлеу қажеттілігі келесі себептерге негізделген:

Бірінші: - бұқаралық спортты дамыту және спортшыларды даярлау, мемлекеттік және қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы мәселелері бойынша құқық қолдану тәжірибесі қолданыстағы заң талаптарына сәйкес келмейді.

Екінші: - жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, бұқаралық спортты, жоғары жетістіктер спортын және кәсіби спортты қоса алғанда, дене шынықтыру-спорттық қозғалыс субъектілерінің қызметін жетілдіру қажет (қолданыстағы редакцияда тек қана әуесқой спорт қана бар).

Үшінші: - халықаралық нормаларға сәйкес келтіру мақсатында спорттағы допингке қарсы күрес мәселелерін реттеу қажет.

Төртінші: - спорттық медицина саласын ретту және спорттық федерациялардың жауапкершілігін арттыру механизмдерін қалыптастыру және одан әрі тиімді дамыту үшін заңнамалық негіз қажет.

Бесінші: - бұқаралық спортты және спорт инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мәселелер бойынша азамат, жұмыс беруші мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл механизмдерін анықтау қажет.

Жалпы алғанда, қолданыстағы заңда бірқатар ескі нормалар, қайшылықтар мен олқылықтар бар.

(Анықтама үшін: қолданыстағы заңда: 6 ескірген норма, 1 қайшылық бар, 13 норма құқық қолданысы тәжірибесіне сәйкес келмейді және уәкілетті органның 20-дан астам функциясы көрсетілмеген).

Бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын, спорттық инфрақұрылымын дамыту және оның қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ балалар, мектеп, студенттер және аула спорты клубтарының санын арттыру мәселелерін шешудегі Үкіметтің, орталық уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың бірқатар құзыреттері қолданыстағы заңда қаралмаған.

Осындай олқылықтарды жою үшін, Агенттік жанынан құрылған жұмыс тобы жаңа редакциядағы заң жобасын әзірледі.

Заң жобасы 11 тараудан және 59 баптан тұрады.

(Қолданыстағы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заң (бұдан әрі - Заң) 1999 жылдың 2 желтоқсанында қабылданды, 7 тараудан және 34 баптан тұрады).

Мына мәселелер туралы баптар толығымен қайта қаралып, жаңа редакцияда жазылды:

1. Мүгедектер арасындағы спорт, әскери қызметкерлер арасындағы және құқық қорғау мен арнайы мемлекеттік органдардағы спорт *(12, 13-баптар).*

2. Спорттық медицина мен допингке қарсы мәселелер *(14, 22-баптар).*

3. Жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау *(16-бап).*

4. Спорт түрлері бойынша құрама командалар *(18-бап).*

5. Кәсіби спорт *(19-бап).*

6. Спорт ғылымын дамыту *(20-бап).*

7. Спорттық сыныптама *(22-1-бап).*

8. Спорт резервін дайындау *(21-бап).*

9. Спорттық федерациялар қызметі мен оларды аккредиттеу *(24-бап)*

10. Кадрлар даярлау (28-бап).
11. Халықаралық қызмет (32-бап).
12. Ұлттық олимпиада комитеті (33-бап).
13. Әлеуметтік қолдау (30-1-баптар).

Слайд №4

Үкіметтің құзыреті:

1) спорттық іс-шараларды материалдық қамтамасыз ету нормативтерін бекіту кезіндегі тұлғалар қатары барлық санаттағы әскери, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерімен толықтырылды.

(анықтама үшін: осы органдардың ерекшелігін ескере отырып, спортшыларды даярлау көрсетілген мемлекеттік органдарда жүзеге асырылады).

2) ақшалай көтермелеу төлемдері қағидаларымен және тізбесімен толықтырылды.

(анықтама үшін: бұл төлемдер төленетін жарыстар түрлерін нақтылау қажеттілігіне байланысты болып отыр (мысалы, Азияда ойындарындағы медальдары үшін көтермелеу қажет).

Сонымен қатар, төлемдер қағидалары қажетті жерде, бір спорт түрінің жаттықтырушылары арасындағы ақшалай көтермелеуді бөлуге мүмкіндік береді.

3) Қазақстан құрама командаларын ірі спорттық іс-шараларға дайындау мәселелері жөніндегі Ұйымдастыру комитеттерін құру қажеттілігіне байланысты тиісті өкілеттіктер енгізілді.

Слайд №5

Спортшыларды даярлау, спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық федерациялармен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша жаңа ережелерді енгізуді ескере отырып, сондай-ақ олқылықтардың болуына байланысты спорт және дене шынықтыру жөніндегі **уәкілетті органның функциялары кеңейтілді және жергілікті органдардың функциялары нақтыланды.**

(уәкілетті органның функциялары қосымша 25-тен астам функциямен толықтырылды)

Слайд №6

Спорттық федерацияларды аккредиттеуге қатысты жаңа талаптар орнатылды.

Біріншіден, аталған рәсім республикалық және жергілікті деңгейде анықталды. Бұл ретте, олимпиадалық, олимпиадалық

емес және ұлттық спорт түрлерінің ерекшеліктері есепке алына отырып, федерацияларға бұл талаптар бойынша шек қойылды.

(Анықтама үшін:

олимпиадалық спорт түрлері жөніндегі республикалық федерация, Қазақстан Республикасы атынан халықаралық спорттық ұйымының мүшесі болуы тиіс және оны Ұлттық Олимпиада комитеті мойындаған болу қажет.

олимпиадалық емес спорт түрлерінен республикалық федерация Қазақстан Республикасының атынан халықаралық спорттық ұйымның мүшесі болу қажет;

ұлттық спорт түрлері бойынша - бір федерациядан артық аккредиттелмеуі қажет.

Өңірлік федерацияларды аккредиттеуді спорт және дене шынықтыру жөніндегі өңірлік басқарма жүзеге асырады).

Аккредиттелген спорттық федерациялардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың қызметін регламенттейтін бап енгізілді. *(федерациялардың құқықтары мен міндеттері)*

Слайд №7

Ұлттық Олимпиада комитеті туралы баппен қатар, **Паралимпиадалық, Сурдлимпийадалық комитеттер мен Арнайы Олимпиада** туралы баптар енгізілді.

Слайд №8

Азаматтардың денсаулығын қорғау және бұқаралық спортты одан әрі дамыту мақсатында **еңбек ұжымдарында ведомстволық дене шынықтыру-спорт қоғамдарын құру** туралы норма енгізілді және **білім беру ұйымдарында студенттік әрі мектептік лигалар құру** құқығы белгіленді.

(дене шынықтыру-спорттық қоғамдарды құру азаматтарды спортпен шұғылдануға тартуға ықпал етеді, мектеп оқушылары арасында бұқаралық спортты дамыту үшін лигалар құру құқығын бекіту қажет)

Слайд №9

Жалпы білім беру мектептерінде спорт резервін дайындау мақсатында, терең оқу-жаттығу процесі негізінде, спорттың әр түрі бойынша оқушылар мен тәрбиеленушілерді спортқа дайындауды жүзеге асыратын **мамандандырылған спорттық сыныптар мен топтар құру туралы норма енгізілді.**

(жалпы білім беру мектептері негізінде спорт резервін даярлау мақсатында)

Слайд №10

Әскери қызметкерлер, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері арасында спортты одан әрі дамыту үшін, осындай қызметкерлерді дайындау және оларды тиісті нормативтермен қамтамасыз ету, командаларды қалыптастыру тәртібі, спорттық іс-шаралар өткізу және т.б. көзделген нормалармен толықтырылды.

(Бұл бап Қорғаныс министрлігінің – ЦСКА, Ішкі істер министрлігінің – Динамо, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің – Искра сияқты ұйымдарына қатысты)

Слайд №11

Еңбек ұжымдарындағы спорт және дене шынықтыру туралы редакция нақтыланды, онда **ведомстволық дене шынықтыру-спорт қоғамдарын құру және ұжымдық шарттар жасау арқылы спорт сабақтарын өткізу** құқығы бекітілген.

(Елімізде бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты одан әрі дамыту және еңбек ұжымдарында азаматтарды сауықтыру мақсатында)

Слайд №12

Мүгедектер спортының ерекшеліктерін ескере отырып, спорт түрлері бойынша бағдарламаларды тиісті қоғамдық бірлестіктердің әзірлеуі және уәкілетті органның бекітуі көзделді.

(бүгінгі тада мұндай бағдарламаларды әзірлеу тәртібі жоқ)

Слайд №13

Заң жобасында ұлттық спорт **ұлттық түрлері** баптар бөлек белгіленген, олардың дамуы олимпиадалық спорт түрлерінің тәртібі бойынша жүзеге асырылады, **бірақ олардың өз ерекшеліктері де ескеріледі.**

(ұлттық спорт түрлерінің маңызын арттыру мақсатында)

Слайд №14

Спорт резерві және жоғары жетістіктер спорты мәселесі бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажеттігін ескере отырып, жоғары дәрежелі спорт бөлімі толық қайта қаралып, жаңа редакцияда жазылды.

Спорттық ұйымдарда спорт түрлері бойынша спортшылардың жастар және жасөспірімдік жас шамасын регламенттеуге мүмкіндік беретін нормалар енгізілді, спортшылардың құқықтары мен міндеттері белгіленді.

(Анықтама үшін: қазіргі таңда, «Бала құқығы туралы» Заңға сәйкес балалық жас 18 жасқа дейін белгіленген және балалардың спорттық мектептері осы жаспен шектелген. Заң жобасында спорт ұйымдарында шұғылданатын балалардың жасын уәкілетті орган анықтайтын болады).

Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау туралы баптар азаматтық шарттарды тану бойынша нақтыланды. *(шарт түрлерін нақтылау)*

Құрама командаларды қалыптастыру тәртібі қайта қаралды *(бүгінгі таңда спорт федерациялары спортшыларды конкурстық негізде іріктейді деген декларативтік норма бар)*

Заңдағы жаңашылдық - спортшыларды тіркеу болып табылады.

Жоғарыда аталған баптар өзара байланысты екенін атап өткім келеді, спортшыны даярлаумен, жаттықтырушының қызметімен байланысты мәселелерді реттеуді одан әрі жетілдіру үшін қажетті екенін атап өткім келеді.

Мәселен, **спортшыларды тіркеу** спортшыларды ғана емес олардың жаттықтырушыларын да есепке алуды жүйелеуге мүмкіндік береді, атап айтқанда олар спорттық жоғары нәтижелерге қол жеткізгенге дейін олардың оқу-жаттығу сабақтарын қадағалауға мүмкіндік тудырады.

Осы мәселелердің барлығы, спортшыларға атақ беру және қол жеткізген нәтижелерінің қорытындылары бойынша материалдық көтермелеу кезінде есепке алынады.

Өз кезегінде, бұл мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер (спорттық федерациялар) арасында айқын үйлесімділік пен өзара байланыс орнатуға мүмкіндік туғызады.

Слайд №15

Кадрлар даярлау және саланы ғылыммен қамтамасыз ету мәселесі бойынша, арнайы дене шынықтыру туралы дипломы негізінде педагогикалық (жаттықтырушы-оқытушы) қызметке қойылатын талаптар бойынша норма енгізілгенін атап өту қажет.

Заң жобасында **жаттықтырушылар мен спорттық төрешілерді міндетті түрде аттестаттаудан өткізу** қарастырылған. Бұл шаралар, орта және жоғары оқу орындарында оқыған кезде маманның «дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығын алып шығатынына негізделген.

Бұл ретте бүгінгі таңда, **елімізде спорттың белгілі бір түрі бойынша жаттықтырушыны арнайы дайындау қарастырылмаған**, бұл жағдай жаттықтырушы мамандығының төмен дәрежеде болуына және кейіннен балалар мен жастарды дайындауда теріс салдарға әкеп соқтыруы мүмкін.

Спортшыларды одан әрі ынталандыру және көтермелеу шараларын арттыру мақсатында, яғни олардың спорттық шеберліктерін көтеру және күнделікті спортпен айналысуға қызығушылығын арттыру сияқты шараларды көбейту мақсатында, Олимпиада ойындарының жүлдегерлері мен **чемпиондарына тұрғын үй беру туралы** бап енгізілді.

(аталған мәселе бойынша 2010 жылы Парламент Мәжілісінің депутаттары бастама жасаған болатын).

Слайд №16

Жоғарыда айтылғандармен қатар, аталған заң жобасын іске асыру үшін, дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша мынадай кейбір заңнамалық актілерді енгізу қажет:

Слайд №17

1. **Бюджеттік кодекске**, мемлекеттік қалалық, аудандық (аудандық маңызы бар қалалар) спорт объектілерінің қызмет

етуін жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен қамтамасыз ету бөлігінде.

(бұл спорт объектілерін бюджет есебінен ұстауға мүмкіндік береді, республикалық деңгейде осындай тәжірибе бар. Алайда жергілікті атқарушы органдарда бірқатар проблемалар бар, себебі аталған норма мен объектілерді ұстау басқа бағдарламалармен жүзеге асырылады немесе мәдениет саласына берілген)

Слайд №18

2. «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдарға медициналық көмек көрсету және медициналық қамтамасыз ету, сонымен қатар, спорттық медицинаны дамыту бөлігінде.

(жарыстарды өткізу кезінде медициналық қызмет көрсету талаптары туралы бап енгізілді, спортшыларды медициналық қамтамасыз ету, спорттық медицина субъектілерінің қызмет етуі туралы бірқатар заңға тәуелід актілер бектіледі)

Слайд №19-20

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске заңнаманың мынадай талаптарын бұзғаны үшін айыппұл салу бөлігінде:

1) спорттық медицина саласында;

2) сабақтар мен жарыстар өткізу орындарын спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету талаптарын орындамау, жарыс өтетін жерлерді техникалық қауіпсіздік ережелерімен санитарлық, гигиеналық нормалармен қамтамасыз етпеу;

3) мемлекет меншігіндегі дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық ғимараттардың нысаналы және функционалдық мақсатын соларға тең дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық ғимарат құрмай жою, өзгерту;

Сонымен қатар, **Кодекс 311-2, 311-3-баптармен** толықтырылып, **әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарау** және әкімшілік жаза қолдану құзіреті уәкілетті мемлекеттік орган мен жергілікті органдар өкілеттігіне берілді.

Слайд № 21

4. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңда 3-бап тұрғын үйлерді меншікке беру ерекшеліктері «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатыны туралы мазмұнмен толықтырылды.

(сілтеме норма)

Слайд №22

4. Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару басқару туралы Заңда:

1) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің азаматтарға тұрғылықты жері бойынша және жаппай демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау, сонымен қатар «Дене шынықтыру спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Олимпиадалық ойындардың жеңімпаздары мен чемпиондарын тұрғын үймен қамтамасыз ету құзыретін кеңейту;

2) қаладағы аудан, аудандық мәні бар қала әкімі дәрежесінен кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне дейін тұрғылықты жерде және жаппай демалатын орындарда спорттық инфрақұрылым жасау мәселесі бойынша құзіретін кеңейту бөлігінде.

Слайд №23-25

Сөз соңында, құрметті депутаттар, Сіздерге ұсынылып отырған заң жобасын жаңа редакцияда қабылдау мынадай әлеуметтік-экономикалық салдар әкелетінін атап өткім келеді:

1) жалпы халықтың санынан 2020 жылға қарай 30%-ы, 2030 жылға қарай 40%-ы спортпен және дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуы үшін жер-жерде жағдайлар жасалатын болады.

2) қолданыстағы спорттық, дене шынықтыру-спорт кешендерін жаңарту, әрі жаңасын салу есебінен елімізде бұқаралық спорт және дене шынықтыру-спорттық қозғалыс тиісті деңгейде дамитын болады.

3) мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың әріптестігінің негізінде қызмет ететін салалық және қоғамдық спорттық бірлестіктер/қоғамдастықтың желісін құру және дамыту үшін жағдай жасалатын болады.

4) Барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінде спорт түрлері бойынша спорттық секциялар мен клубтар желісі 2020 жылға қарай 40%-ға ұлғаяды.

5) Осы салада мемлекеттік басқару тиімділігі артады және спортшыларды медицинамен қамтамасыз ету деңгейі, сондай-ақ спорттық субъектілердің жауапкершілігі жоғарылайды.

Қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!